

## **Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасының қосылуына байланысты кейбір мәселелер туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 16 қазандағы № 22 шешімі

Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақтың жұмыс істеуі туралы хаттамаға сәйкес қолданылатын, 2011 жылғы 19 мамырдағы Көпжақты сауда жүйесі шеңберінде Кеден одағының жұмыс істеуі туралы шарттың 1-бабының 3-тармағына және 2-бабына сәйкес (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 31 қосымша), 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы 2015 жылғы 27 шілдеде қол қойылған хаттаманың 3-тармағын ескере отырып, Жоғары Еуразиялық кеңес **шешті**:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс регламентіне № 1 қосымша мынадай мазмұндағы 132-тармақпен толықтырылсын:

"132. Тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енгеннен кейін Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес мүше мемлекет Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының және осындай баж мөлшерлемелері көлемінің мөлшерлемесін қолданатын тауарлар тізбесін бекіту."

2. Еуразиялық экономикалық комиссия:

Тауарларға қатысты Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде Дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы жұмыс тобы Баяндамасының 307-параграфында көзделген талаптарға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының мөлшерлемелерімен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының және осындай баж мөлшерлемелері көлемінің мөлшерлемесі қолданылатын тауарлар тізбесін (бұдан әрі – тізбе) бекітсін, сондай-ақ тізбені жаңартуды қоса алғанда, оны жүргізуді және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес келтіруді жүзеге асырсын;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) үкіметтерімен бірлесіп 2016 жылғы 31 наурызға дейін Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған Қазақстан Республикасының міндеттемелерін ескере отырып, жекелеген тауар санаттарына қатысты кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу мақсатында Еуразиялық экономикалық

одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (бұдан әрі – ЕАЭО БКТ) өзгерістер енгізудің орындылығы туралы мәселені пысықтасын.

3. Қазақстан Республикасы үшінші елдер аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне орналастырылған тауарлардың тізбеге сәйкес мөлшерлеме бойынша кедендік әкелу баждары төлене отырып, тек өз аумағы шегінде пайдаланылуын қамтамасыз етсін және басқа мүше мемлекеттер аумағында осындай тауарлардың әкетілуіне жол бермеу жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Мүше мемлекеттердің үкіметтері Еуразиялық экономикалық комиссиямен бірлесіп:

2016 жылдың I тоқсанында кедендік қызметтердің өзара іс-қимылы шеңберінде экономикалық тұрғыдан негізделген келісілген құндық тәуекел индикаторларын және тәуекелді барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеуді, сондай-ақ олардың негізінде осы шешімге қосымшаға енгізілген тауарларға қатысты тәуекел бейіндерін қалыптастыруды;

2016 жылғы 1 сәуірден бастап тауарлардың кедендік құнына кедендік бақылауды іс жүзінде жүргізу кезінде осы тармақтың екінші абзацына сәйкес қалыптасқан тәуекел бейіндерін қолдануды;

тауарларға қатысты осы тармақтың екінші абзацына сәйкес қалыптасқан тәуекел бейіндері қолданылатын тауарларды кедендік декларациялау практикасына мониторингті және көрсетілген мониторинг нәтижелері бойынша Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі үшін есептерді тоқсан сайын және Еуразиялық үкіметаралық кеңес үшін есептерді жарты жылда бір рет ұсынуды;

2016 жылдың IV тоқсанында "Кеден одағына мүше мемлекеттердің және Бірыңғай экономикалық кеңістіктің аумақтарында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің жекелеген түрлерін таңбалау жүйесін әзірлеу туралы" Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы № 88 Шешімін ескере отырып, тізбеге енгізілген жеңіл өнеркәсіптің жекелеген тауарларына және тұрмыстық техникаға қатысты таңбалау тетіктерін енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

2015 жылғы желтоқсанда Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысына ЕАЭО БКТ-дан мүше мемлекеттер қолданатын алып қоюларды есепке алудың бірыңғай тәсіліне қатысты Армения Республикасының ұсыныстарын негізге ала отырып, кедендік әкелу баждарын бөлу нормативтерін нақтылау жөнінде ұсыныстар енгізуді;

Қырғыз Республикасы мен Армения Республикасының ұстанымдарын ескере отырып, Қырғыз Республикасы мен Армения Республикасы қолданатын жекелеген экономикалық тұрғыдан негізделген ұстанымдар бойынша ЕАЭО БКТ-дан алып қою тізбесі мен мерзімдерін нақтылау жөнінде ұсыныстар беруді қамтамасыз етсін.

5. Мүше мемлекеттердің үкіметтері 2015 жылғы 15 желтоқсанға дейін "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына тауарларды әкелу мен олардың айналысының кейбір мәселелері туралы" хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдердің аяқталуын назарға ала отырып, қажетті жұмыс жүргізсін.

6. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

Армения Республикасынан      Беларусь Республикасынан      Қазақстан Республикасынан      Қырғыз Республикасынан      Р е с с е й Федерациясынан

Жоғары Еуразиялық  
экономикалық кеңестің  
2015 жылғы 16 қазандағы  
№ 22 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Тізбеге енгізілген тауарларға қатысты экономикалық тұрғыдан негізделген келісілген тәуекел индикаторларын және тәуекелді барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу бойынша жұмыс, сондай-ақ олардың негізінде тәуекел бейіндерін қалыптастыру жүргізілетін тауар позицияларының ТІЗБЕСІ**

СЭҚ ТН коды	Позиция атауы
6107-ден	Ер адамдарға немесе ұлдарға арналған ыштандалар, түзкіімдер, жатарда киетін жейделер, пижамалар, шомылу халаттары, үй халаттары және осыған ұқсас машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж бұйымдар
	Әйелдерге немесе қыздарға арналған комбинациялар, ішкі белдемшелер, түзкіімдер, панталондар, жатарда киетін жейделер, пижамалар,

6108-ден	пеньюарлар, шомылу халаттары, үй халаттары және осыған ұқсас машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж бұйымдар
6110-нан	Свитерлер, пуловерлер, кардигандар, кеудешелер және осыған ұқсас машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж бұйымдар
6112-ден	Спорттық , шаңғы тебуге және шомылуға арналған машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж костюмдер
6114-тен	Машинамен немесе қолмен тоқылған өзге де трикотаж киім заттары
6115-тен	Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж колготкилер, шұлықтар, балтыршұлықтар, ұйықтар және бәпіштер мен, бөлінген қысымы бар қыспа шұлық-ұйық бұйымдарын қоса алғанда (мысалы, венаның варикозды кеңеюімен зардап шегетіндерге арналған шұлықтар) өзге де шұлық-ұйық бұйымдары және табансыз аяқ-киім
6117-ден	Машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж киімге өзге де дайын керек-жарақтар; машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж киім бөліктері немесе киімге керек-жарақтар
6201-ден	6203 тауар позициясы бұйымдарынан басқа ерлерге немесе ұлдарға арналған пәлте, шолақ пәлте, жамылғылар, плащтар, күртелер (шаңғы тебуге арналған күркелерді қоса алғанда), кәжектер, су өткізбейтін күртелер және осыған ұқсас бұйымдар,
6202-ден	6204 тауар позициясы бұйымдарынан басқа әйелдерге немесе қыздарға арналған пәлте, шолақ пәлте, жамылғылар, плащтар, күртелер (шаңғы тебуге арналған күртелерді қоса алғанда), кәжектер, су өткізбейтін күртелер және осыған ұқсас бұйымдар,
6203-тен	Ерлерге немесе ұлдарға арналған костюмдер, жинақтамалар, пиджактар, блайзерлер, шалбарлар, көкірекшесі немесе ілмек баулары бар комбинезондар, бриджилер және шолақ шалбарлар (шомылуға арналғаннан басқа)
6204-тен	Әйелдерге немесе қыздарға арналған костюмдер, жинақтамалар, жекеттер, блайзерлер, көйлектер, белдемшелер, белдемше-шалбарлар, шалбарлар, көкірекшесі немесе ілмек баулары бар комбинезондар, бриджилер және шолақ шалбарлар (шомылуға арналғаннан басқа)
6205-тен	Ерлерге немесе ұлдарға арналған көйлектер
6208-ден	Әйелдерге немесе қыздарға арналған майкалар және іштен киетін өзге де күпәйке, комбинациялар, ішкі белдемшелер, түзкіімдер, панталондар, жатарда киетін жейделер, пижамалар, пеньюарлар, шомылу халаттары, үй халаттары және осыған ұқсас бұйымдар

6212-ден	Кеудеқаптар, белбеулер, корсеттер, аспабаулар, байлам жіптер және осыған ұқсас бұйымдар мен олардың машинамен немесе қолмен тоқылған трикотаж немесе трикотаж емес бөліктері
6213-тен	Орамалдар
6214-тен	Шәлілер, шалмалар, мойын орағыштар, жеңсіз камзолдар, бетперделер мен осыған ұқсас бұйымдар
6215-тен	Галстуктер, көбелек галстуктер және мойынға тағатын орамалдар
6302-ден	Төсек-орын, асхана, әжетхана, асүй жабдығы
6306-дан	Брезенттер, ілмелер, тенттен; палаткалар; қайыққа арналған желкендер, виндсерфинг немесе құрлықтағы көлік құралдарына арналған тақтайлар; кемпингке арналған саймандар
6403-тен	Резеңкеден, пластмассадан, табиғи немесе композициялық былғарыдан және үсті табиғи былғарыдан жасалған табанды аяқ-киім
6404-тен	Резеңкеден, пластмассадан, табиғи немесе композициялық былғарыдан және үсті тоқыма материалдардан жасалған табанды аяқ-киім
6505-тен	Машинамен немесе қолмен тоқылған немесе тұтас кесек (бірақ киықтардан емес) шілтерден, жұқа киізден немесе өзге де тоқыма материалдан дайындалған, астарлы немесе астарсыз немесе өңделген немесе өңделмеген қалпақтар мен өзге де трикотаж бас киімдер; кез келген материалдан жасалған, астарлы немесе астарсыз немесе өңделген немесе өңделмеген шашқа арналған торлар
8516-дан	8545 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа электрлі ағынды су ысытқыштар немесе жинақтаушы (сыйымды), электрлі батпалы жылытқыштар; кеңістікті жылыту мен топырақты жылытудың электр жабдығы, шаш күтіміне арналған электрлі қыздырғыш аппараттар (мысалы, шаш кептіргіштер, бигудилер, ысытып бұйралауға арналған қысқыштар) және қол кептіргіштер; электрлі үтіктер; өзге де тұрмыстық электрлі жылытқыш аспаптар; электрлі қарсы кернеулі жылытқыштар,
8528-ден	Құрамына қабылдаушы телевизия аппаратурасы кірмейтін мониторлар мен проекторлар; құрамына радио хабарын кеңінен тарататын радио қабылдаушы немесе дыбысты немесе бейнені жазатын немесе тыңдатып-көрсететін аппаратура кіретін немесе кірмейтін телевизиялық байланысқа арналған қабылдаушы аппаратура

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК